

## «Адам және табиғат»

*Асия Абулкаировна Касенова,  
Павлодар қ. «Балалар-жасөспірімдер  
экология және туризм орталығы» МҚКК қосымша білім беру ұстазы*

**Оқу сабағының түрі:** жаңа материалды үйрену, меңгеру.

**Мақсаты:**

- адам және табиғат байланысы туралы түсінік беру арқылы оқушылардың білімдерін жүйелеу, кеңейту;
- табиғатты қорғау шараларының маңыздылығын түсіндіру негізінде оқушылардың осы бағытта қызмет атқару құзыреттілігін дамыту;
- балалардың бойында табиғатқа сүйіспеншілігін білдіру негізінде белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу.

**Оқыту әдістері мен тәсілдері:** сыни тұрғыдан ойлау технологиясының элементтері. АКТ пайдалану.

**Оқу қызметінің үлгісі:** топтық, ұжымдық.

**Оқу сабағын өткізу үлгісі:** пәнаралық байланыс (дүниетану, жаратылыстану, экология)

**Оқу сабағының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі:** «Табиғатқа байланысты суреттер», «Адам және табиғат» бейнекөрсетілімі, «Ойындар», «Кластер», бейнекамера, микрофон, маркерлер, А3 парақтары, көкөніс және жеміс-жидек суреттері.

**Оқу сабағының сатылары:**

**I. Мотивациялық кезең** Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

«Табиғатқа байланысты суреттер» - мәселелік сұрақтар қою, «ми шабуылы» әдісін қолдану.

**II. Операциялық кезең**

1. Интерактивті тақтаға «Адам және табиғат» бейнекөрсетілімі.

2. Табиғат туралы мақалдар, ырымдар мен тыйымдарды атап, оларға сипаттама беру.

Жері байдың - елі бай

Туған жердің топырағы да ыстық

Көлдің көркі – бұлақ,

Таудың көркі - құрақ.

Сулы жер - нулы жер.

Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын

Жас бұтақты сындырма

Көкті таптама

Құмырсқаның илеуін бұзба

Аққуды атпа

Орманды оттама

Жаралы аңды атпа

3. «Тілшімен сұхбат» рөлдік ойыны. Оқушылардың тілші, жас эколог маманы, бейне түсірушісі рөлдерін ойнауы негізінде табиғатқа байланысты ойларымен, оны қорғау шаралары туралы маңызды пікірлерімен бөлісуі.

- «Табиғат- менің үйім» дегенді қалай түсінесіз?

- Табиғатта қандай ғажайыптар бар деп ойлайсыз?

- Сіз табиғатты қорғау шараларының қайсысын қолданар едіңіз?

- Табиғатты көркейту мақсатында қандай шаралар атқарар едіңіз?

4. «10 сұрақ» ойыны. Сұрақтар қою арқылы жасырынған көкөніс немесе жеміс-жидек түрін анықтау.

5. Табиғатты қорғауға байланысты «Пайдасы мен зиянын» сәйкестендіру (оқушылардың топтарға бөлініп, тақтадағы сәйкестіктерді анықтап белгілеуі).

**III. Рефлексия** «Кластер» топтық жұмысы (сабақ барысында өтілген материалды А3 парағына түсіріп, қорытындыларын қорғау).

**IV. Қорытынды**

